

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы аз қамтамасыз етілген отбасыларына көрсетілетін әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 маусымдағы N 14-240 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2009 жылды 24 шілдеде N 2-19-79 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 02-50 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2010.01.25 N 02-50 Қаулысымен.

Р К А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы, 1 тармағы 14 тармақшасына және Ұйғыр аудандық мәслихатының 19 желтоқсан 2008 жылғы "Ұйғыр ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" N 17-2 шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы аз қамтамасыз етілген отбасыларына жеке қосалқы шаруашылыққа, халықтық қолөнерді дамытуға, жеке меншік іс ашуға, оның ішінде қесіби дайындықтан өткендерге де (бұдан әрі әлеуметтік көмек) 150000 теңгеден 200000 теңге мөлшеріне дейін бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетілу қамтамасыз етілсін.

2. "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Тұрдыбакиев Тұрсынжан селолық округтердің участекі комиссияларына алынатын қаржыны қай мақсатқа пайдаланатын қызметінің түрлері, сондай-ақ есеп шотының нөмірі көрсетілген (екінші деңгейдегі банк филиалы және осы операциялардың түрлерін жүзеге асыратын рұқсаты бар басқа да мекемелер) өтінішінің негізінде және келесі құжаттармен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушының тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмектің тағайындалуын және төленуін қамтамасыз етсін :

1) халықтық қол өнерді дамытуға, жеке меншік іс ашу үшін негізделген есеп / бизнес жоспар/, қесіби дайындықтан өткен жұмыссыздарға мамандық беру туралы куәліктің көшірмесі және үлгерім деңгейі мен бизнес-жоспарының табыстылық бағасы көрсетілген оку орнының ұсынысы;

2) әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адаммен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы және участекелік комиссия төрағасының арасындағы үш жақты келісім.

3. "Ұйғыр аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Даутова Сахидам Молутона аудандық бюджетте көзделген қаржыландыру жоспарының міндеттемесіне және төлемнің қаржы шегіне сәйкес әлеуметтік көмекті қаржыландыру мәселелерін шешсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Деменбаев Даuletjan Модинұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

K. Omarov

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК